

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрлігі 1995 жылғы 20 шілдедегі N 146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 7 қыркүйек тіркелді. Тіркеу N 89. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 490-І бұйрығымен

Ескерту. ҚазКСР Кодексінің 169, 169-1 баптарындағы ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша Нұсқаулықтың күші тоқтатылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1996 жылғы 24 сәуір N 94 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының 1993. 28.10 N 2492-ХІІ әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі Қазақ КСР Кодексінде қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде және айыппұл мөлшерін қайта есептеу тәртібі туралы Қазақ КСР Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның, Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығының негізінде және Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясы органдарындағы әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде өндірістік істер кезіндегі біртұтас тәртіпті және заңдылықты сақтау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер өндірісі бойынша қоса берілген Нұсқаулық бекітілсін.

2. Заң актілерін дайындау, Жоғарғы Кеңеспен байланыс және заң жұмыстары басқармасы (Қ.С. Кәрібжанов) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркесін.

М и н и с т р д і ң

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р
м и н и с т р л і г і н і ң

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігі Көлік инспекциясы органдарымен әкімшілік
құқық бұзушылықтары жөнінде істер жүргізу бойынша
Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік инспекциясы (бұдан былай - Көлік инспекциясы) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 5.04 N 257 қаулысымен құрылған және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құрамына заңды тұлға құқығымен кіреді.

1.2. Көлік инспекциясының қызметі Қазақстан Республикасының 1994 ж. 21.09. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17.04. "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығымен, 1994 ж. 17.11. N 1302 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы Ережемен және басқа заңдармен және көлік туралы заң күші бар актілерімен реттеледі.

1.3. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының лицензиялық қалыптарына қатысты анықталған көлік заңдарын бұзу бойынша істерді қараудың, оларды қарау мерзімінің орындалуын, қайта шағымдануын, сондай-ақ іс жүргізуді ұйымдастыру мен қабылданған шешімнің негізділігін бақылаудың бар тәртібіне сәйкес Көлік инспекциясы органдарында әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде істерді ұйымдастыру әдістері мен нысандарын регламенттейді.

1.4. Көлік инспекциясының органдары Қазақ КСР әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі Кодексінің (бұдан әрі КоАП) жолаушылар мен жүктерді көлікпен тасу қызметіндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялауға қатысты 169, 169-1 баптарда қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылықты айқындайды.

Ескерту. 1.4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен.

1.5. Осы Нұсқаулық жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызметті және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 25 қазандағы N 2480-ХІІ "Көлікте лицензиялауға жататын жеке кәсіпкерлік қызметтің тәртібі мен түрі туралы қаулысымен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 251 "Қазақстан Республикасының автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті

лицензиялау туралы Ережені бекіту жөніндегі" қаулысымен реттелетін басқа қызметтерді орындау кезінде Қазақстан Республикасында қабылданған ережелер мен лицензиялық қалыптардың, көлік заңдарының талаптарын бұзған жеке тұлғалар (шаруашылық субъектілер) мен жеке меншікті және ведомстволық қатыстылығына қарамастан заңды тұлғаларға жарамды.

1.6. Көлік инспекциясының әкімшілік құқық бұзушылығы жөніндегі істері бойынша ең басты міндеттері мыналар болып табылады - жоғарыда көрсетілген істерді дер кезінде, толық және объективті қарау, орындалуын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа тыйым салу мен алдын алуды, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауды қамтамасыз ету.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде істер жасау

2.1. Көліктегі лицензиялық қызметтің әкімшілік құқық бұзушылығына мыналар жатқызылады - Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңды және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17.04. "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығын мына себептермен бұзу:

- лицензияланатын қызметке лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың жоқ болуы;

- лицензия (патент) және лицензиялық карточканың әсер ететін аймақтарының үйлесімсіз болуы;

- лицензияланатын қызметтегі лицензияның (патенттің) үйлесімсіз болуы;

- лицензияның "Г", "П" түрлері бойынша тасымалдау ережелерінің бұзылуы немесе тасымалдау ережелерімен тыйым салынған олардың құрастырылып пайдаланылуы;

- лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың әсер ету мерзімінің бітуі;

- Көлік инспекциясы органдарымен тыйым салынғаннан кейін лицензиялауға жататын көлікпен жолаушылар мен жүктердің тасымалдануы;

- лицензияның (патенттің) басқа адамға берілуі;

- патенттің немесе лицензиялық карточканың басқа көлік құралына берілуі;

- Көлік инспекциясының органдарында мәліметтері тіркелген лицензиялық карточка мен лицензияда (патентте) нөмірі мен сериясының жоқ болуы немесе үйлесімсіз болуы;

Лицензия (патент) мен лицензиялық карточканың немесе әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі хаттама түбіршегінің қолдан істелуі немесе лицензиялық

қызметтің бірнеше рет (жылына екі реттен артық) тұрпайы бұзылуы болған жағдайда тексеру материалдары олар бойынша тиесілі шараларды қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тапсырылады.

2.2. Көлік инспекциясының органдары көлікті дербес ретінде және құзырлы органдардың келісімі бойынша бірлесіп пайдалану кезінде көлік заңдарының, экологиялық талаптар мен қауіпсіздік ережелерінің бұзылуын анықтайды және тексеру жүргізеді.

2.3. Көлікте арнайы рұқсатсыз (патентсіз) лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асырған немесе Қазақ КСР Кодексінің 248, 248-1 негізінде әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі лицензиялық қалыптар мен ережелерді бұзған фактілер анықталған кезде өкілеттенген лауазымды тұлғалармен құқықтық құжатәкімшілік құқық бұзушылық жасалғандығы туралы хаттама (1 Қосымша) құрастырылады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1993 ж. 22.12. N 148 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1993 ж. 28.12. N 468 "Көлік инспекциясы органдары мен Мемлекеттік автомобиль инспекциясының іс-әрекеттесуі туралы" бірлескен бұйрықтарының негізінде МАИ қызметкерлерімен бірлесіп лицензиялау жағдайларының бұзылғандығы туралы рапорт құрастырылады.

2.4. Хаттамада мыналар көрсетілуі тиіс: Көлік инспекциясы органдарының аты, оны құрастырушының фамилиясы мен аты-жөні, құқық жасалған күні, уақытысы, орны, құқық бұзушының жеке басы, сондай-ақ көлік құралының мемлекеттік нөмірі мен қатыстылығы, маркасы, түрі, лицензия мен лицензиялық карточканың сериясы мен нөмірі, қашан және кіммен берілгендігі, әкімшілік құқық бұзудың салдары мен мәні, бұл құқық бұзудың КоАП баптарының қайсысы бойынша жіберілгендігін көрсету туралы мәліметтер болуы тиіс. Хаттамада іс бойынша мәні болуы мүмкін қосымша мәліметтер айтылуы мүмкін.

2.5. Хаттамада мыналар көрсетіледі: кәсіпорынның немесе мекеме басшысының, сондай-ақ көлік қызметін лицензиялауға жауапты лауазымды тұлғаның фамилиясы мен аты-жөні. Егер осыған ұқсас құқық бұзушылықтар үшін әкімшілікпен ертеректе салынған айыптар тіркелген немесе құқық бұзулар бірнеше болған жағдайда олар хаттамада тізіледі.

2.6. КоАП-тың 249-бабына сәйкес хаттама оны құрастырған тұлғамен және әкімшілік құқық бұзушы - көлік құралының иесі болуы мүмкін тұлғамен немесе лицензиялық қызметке қатысы бар оның өкілі болып табылатын тұлғалармен немесе осы кәсіпорында, мекемеде лицензиялық қызмет үшін жауапқа тартылатын лауазымды тұлғаның өзімен немесе жеке тұлғамен (шаруашылық субъектімен) қол қойылады.

Әкімшілік құқық бұзған тұлға хаттамаға қол қоюға бас тартқан кезде бұл жөнінде куәгерлері көрсетіле отырып хаттамаға арнайы жазба түсіріледі. Ұсталған адамның қол қоюдан бас тарту себебін айта отырып хаттамаға жеке түсініктеме жазуына, сондай-ақ өзінің қарсы пікірін хаттамаға енгізуге құқығы бар.

2.7. Құқық бұзушылық жасалу бойынша хаттама құрастырған кезде 2.5., 2.6 тармақтарда көрсетілген тұлғалардан тілхат ала отырып істі қарау орны мен уақыты хабарландырылады, олардың КоАП-тың 261-бабында қарастырылған құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

2.8. Хаттама құрастырылғаннан кейін ұсталған адамға құқық бұзу жасаған үшін Көлік инспекциясы органында тіркелген нөмірі мен сериясы бар елтаңба мөрімен бекітілген хаттама түбіршегі беріледі, хаттамаға қоса берілетін лицензиялық карточкасы немесе лицензиясы (патенті) кері қайтарылады, ол туралы хаттаманың өзінде де және оның түбіршегінде де аталып өтеді.

2.9. Хаттаманың түбіршегі оның берілген мезетінен бастап 15 тәуліктен асырмай тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін көлік құралын пайдалануға, осы рейсті, сапарды аяқтауға ғана құқық береді. Хаттама түбіршегінде күнді өзгертуге немесе ұзартуға тыйым салынады.

2.10. Хаттама және хаттама түбіршегінің сериясы мен нөмірі бірдей болады. Оларда әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарау уақыты мен орны туралы мәліметтер көрсетіледі.

2.11. Хаттаманы рәсімдегеннен кейін лауазымды тұлға оны бір тәулік ішінде және шаралар қабылдау үшін әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілденген органға (лауазымдық тұлғаға) белгіленген тәртіппен бұдан әрі тапсыруға Көлік инспекциясы органына жібереді.

Ескерту. 2.11-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

2.12. Көлік инспекциясының штаттан тыс және қоғамдық инспекторлары лауазымды тұлға болып табылмайды және көлікте лицензиялық қызметке байланысты әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезде олар аумақ бойынша Бас көлік инспекторының атына рапорт құрастырады (2 Қосымша). Қатаң есеп құжаты болып табылатын белгіленген үлгідегі рапортта жасалған құқық бұзушылықтың мәні мен жағдайы көрсетіледі. Штаттан тыс және қоғамдық инспекторлармен анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар осы Нұсқаулықта көрсетілген тиесілі шараларды олар бойынша қабылдау үшін Көлік инспекциясының лауазымды тұлғаларына жедел түрде хабарландырылады.

2.13. Көлікте лицензиялау жағдайлары мен көлік заңдарының сақталуын тексеру Көлік инспекциясы органдарының қызметкерлерімен дербес түрде де басқа органдардың қатысуымен де, атап айтқанда Қазақстан Республикасының

ПМ МАИ органдарымен, Экобиоресурс министрлігімен, Мемстандартпен, Кеден комитетімен, Салық инспекциясымен, Меммүлік комитетімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитетімен жүргізіледі. Бірлескен жұмыс кешендік тексеру актісімен ресімделеді. Көлік процесіне байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалардың қызметін тексеру үшін мыналар негіз болып т а б ы л а д ы :

- құқық бұзушылық жасалған туралы рапортының немесе актілердің, хабарлардың, сондай-ақ көлік қызметін тұтынушылардан негізді шағымдардың т ү с у і ;

- лицензия заңдары талаптарының, қозғалыс қауіпсіздігі мен экология ережелерінің заңды және жеке тұлғалармен сақталуын тексеру;

- Қазақстан Республикасының көлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша жоспарлы тексеруді жүргізу;

- Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған басқа жағдайлардың болуы.

2.14. Кешенді тексеру актісінде мыналар болуы тиіс:

тексеруге көліктің қай түрі жатқандығы, кіммен жүргізілгендігі, жүргізу күні, уақыты, орны, сондай-ақ осы көлік жұмысына жауапты лауазымды тұлғаның фамилиясы мен аты-жөні. Тексеру барысында әкімшілік және басқа сипаттағы құқық бұзушылықтардың қандай түрі анықталғандығы. Акті осы заңда немесе жеке тұлғаны тексеруге қатысқан тұлғалармен қол қойылады. Актінің көшірмесі осы немесе бұдан басқа құқық бұзушылық туындатқан себептерді жою бойынша шаралар қабылдау үшін, сондай-ақ танысу үшін лауазымды тұлғаға тапсырылады.

2.15.-2.24. **Тармақтар алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .**

3. Атқарушылық іс жүргізу

3.1. Әкімшілік айып салу туралы қаулысын мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар (меншік нысаны мен ведомстволық қатыстылығына қарамастан), лауазымдық тұлғалар, жеке тұлғалар (шаруашылық субъектілер) міндетті түрде атқаруы және ол шығарылған мезеттен бастап о р ы н д а у ы т и і с .

Ескерту. 3.1-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

3.2. Айыппұл түрінде әкімшілік құқық бұзушылық салынған жағдайда құқық бұзушы өзіне қаулы тапсырылғаннан кейінгі 15 тәуліктің ішінде көрсетілген соманы төлеуге міндетті. Айыппұл жергілікті бюджетке төленеді.

3.3. Ерікті түрде айыппұл төленбеген жағдайда қаулының көшірмесі құқық бұзушының еңбекақысынан лажсыз көндіру арқылы айып алу үшін оның жұмыс о р н ы н а ж і б е р і л е д і .

Егер қайсы-бір себептермен айыппұл алу мүмкін болмаса Қазақ КСР Азаматтық процессуалды кодексімен белгіленген ережелерге сәйкес оны алу сот атқарушысымен жүргізіледі.

3.4. Қазақстан Республикасының басқа аймақтарында тұратын және жұмыс істейтін лауазымдық тұлғаларға қатысты іс қаралған жағдайда, қаулының көшірмесі лицензия және лицензиялық карточкамен бірге қаулының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін аймақ бойынша Көлік инспекциясының органына жіберіледі.

3.5. Құқық бұзушымен айыппұлды төлеу әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде қаулыны орындау бойынша іс жүргізуді аяқтау үшін негіз болып табылады. Айыппұл алу туралы қаулының орындалуына - айыппұлды төлегені жөнінде құқық бұзушымен түбіртектің ұсынылуы немесе құқық бұзушының жұмыс орынындағы есеп беру бөлімінен тиесілі төлеу құжатында күні мен нөмірі туралы белгісі бар қаулының қайтарылуы дәлелдемелер болып табылады.

3.6. Құқық бұзушының айыппұлды төлеуі жүзеге асырылатын лицензияланатын қызметтегі құқық бұзуды жою міндетінен босатпайды.

3.7. Лицензияны (патентті) алу арқылы әкімшілік айып салынған кезде (соның ішінде - белгісіз уақытқа), лицензия іс жөніндегі шешіммен бірге Көлік инспекциясының органдары тапсырылады.

Ескерту. 3.7-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

3.8. Айыппұл салу, лицензияны қайтып алу және басқа әкімшілік айыптар заңмен белгіленген тәртіппен шағымдалатын болады.

Ескерту. 3.8-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

4-бөлім. **Бөлімнің күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .**

4. Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу

Ескерту. 5-бөлім 4-ші бөлім болып есептелінді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

4.1. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі рапорттардың, хаттамалар бланкілері қатаң есептеу құжаттары болып табылады және Көлік инспекциясының тапсырысы бойынша полиграфиялық кәсіпорындарда әзірленеді (1,2 Қосымша). Көлік инспекциясы осы бланкілерді әзірлеу құқығын өзінің бөлімдеріне бере алады.

Рапорттардың, хаттамалардың, қаулылардың және басқа актілердің әзірленген бланкілері облыс (қалалық) бөлімдері және оның филиалдары үшін бекітілген баспалық есеп сериясы мен нөмірі болуы тиіс.

Ескерту. 4.1-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

4.2. Көлік инспекциясы органдарының басшылары жергілікті орындарда бланкілердің алынуы мен дер кезінде әзірленуін, толықтырылуын, сондай-ақ оларды сақтау мен белгіленген мақсатта пайдаланылуын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

4.3. Әкімшілік жауапкершілікке тартылатын заңды және жеке тұлғаларға құрастырылатын рапорттың, хаттамалардың, актілердің түгендеу журналдары Көлік инспекциясы органы басшысының бұйрығымен анықталған жауапты тұлғада сақталуы тиіс және жіппен қайымдалуы, нөмірленуі және сол органның м ө р і м е н б е к і т і л у і т и і с .

Ескерту. 4.3-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

4.4. Рапорттардың, хаттамалардың бланкілері жоғалған жағдайда акт құрастырылады. Жоғалтуды жасаған айыпты тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Рапорттардың, хаттамалардың және басқа актілердің бланкілері бұзылған немесе жарамсыз болғанда ережеге сәйкес оларды есептен шығару ж ө н і н д е а к т құ р а с т ы р ы л а д ы .

Ескерту. 4.4-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

5. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуге бақылауды ұйымдастыру

Ескерту. 6-бөлім 5-ші бөлім болып есептелінді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

5.1. Көлік инспекциясы органдарының басшыларымен іс жүргізілу мен есепте тұруын бақылау қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 5.1-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

5.2. Көлік инспекциясы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша өзінің бөлімшелерінде жоспарлы тексеруді жүзеге асырады. Тексеру барысында мына мәселелер зерттеледі:

- рапорттардың, хаттамалардың, тексеру актілерінің және басқа құжаттардың дұрыс құрастырылуы;
- құжат бланкілерінің сақталу күйі, берілуімен мен түгенделуін қатаң есептеуі;

- шағымдар мен өтініштермен жұмыс істеудің халі.

Ескерту. 5.2-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

5.3. Жұмыста қателіктер мен жетіспеушіліктер анықталған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

Нұсқаулыққа 1 қосымша

Ескерту. 1-Қосымша толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

К Бақылау парағы АА N 000001 Хаттама

АА N 000001

Көлік инспекциясының аты _____

Тексеру күні _____ Инспектордың Ф.А.Ж. қызметі _____

Тексеру орны _____ Тексеру күні 19__ ж. "__" _____

_____ Уақытысы __ сағ __ мин. Тексеру орны __

Көліктің түрі _____ Тексеруге жататын көліктің түрі мен

Лицензияның _____ оның сипаттамасы _____

(патенттің) _____ (маркасын, мемлекеттік

сериясы, нөмірі _____

_____ немесе борттық, тіркеу нөмірін,

Қашан және кіммен _____ сыныбын сипаттау) берілді _____

Лицензиялық қызмет _____ Лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық

үшін жауапты немесе _____ карточканың сериясы, нөмірі _____

лицензиялық қызметке _____ Қашан және кіммен берілді _____

қатысты лауазымдық _____ Бұзушының жеке басы туралы мәлімет _____

тұлғаның Ф.А.Ж. _____

_____ Лицензиялық қызмет үшін жауапты немесе

Белгіленген бұзушы. _____ лицензиялық қызметке қатысты лауазымдық

лықтар: _____ тұлғаның Ф.А.Ж. _____

01,02,03,04,05,06, _____ Көлік иесінің мекен-жайы _____

07,08,09 _____ Қосымша мәліметтер _____

КИ Инспекторы:

қолы

Ф.А.Ж.

Куәлік N _____

Белгіленген бұзушылықтар:

1. Лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың жоқ болуы.
2. Лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың пәрменді аймақтарының сәйкес болмауы.
3. Лицензияның "Г", "П" түрлері бойынша тасымалдау ережелерін бұзу немесе тасымалдау ережелерімен тыйым салынған оларды қиыстырылып пайдалану.
4. Лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың пәрменді мерзімінің бітуі.
5. Көлік инспекциясы органдарымен тыйым салынғаннан кейін жолаушылар мен жүктерді тасымалдау.
6. Лицензияны (патентті) немесе лицензиялық карточканы басқа адамға тапсыру.
7. Патентті немесе лицензиялық карточканы басқа көлік құралына беру.
8. Көлік инспекциясы органдарында тіркелген мәліметтер мен лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың сәйкес келмеуі немесе оларда серия мен нөмірдің болмауы.
9. Лицензияның (патенттің) лицензияланатын қызметке сәйкес болмауы.

Көлік иесінің түсініктемесі _____

Куәлардың Ф.А.Ж. және олардың мекен-жайы _____

_____ куәлардың қолы _____

Құқық бұзушылықты қарау орыны мен уақтысы _____

Нұсқаулықтың __ тармағына сәйкес айыппұл _____
сомадан төленді _____

ж а з б а ш а

КИ Инспекторы _____ Куәлік N _____

Ф.А.Ж. қолы

Хаттаманың түбіршегі

АА N 000001

Көлік иесіне

Тексеру күні _____

Тексеру орны _____

Көліктің түрі _____

Лицензияның (патенттің) сериясы, нөмірі _____

Иесінің мекен-жайы _____

Ф.А.Ж. _____

Белгіленген бұзушылықтар: 01, 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08, 09

КИ Инспекторы _____

Ф . А . Ж , қ о л ы

Қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ т ы қ а р а у
орны мен уақыты _____

ж а у а п . т ұ л . ж ү р г . Ф . А . Ж .

Түбіршек 19__ ж. дейін лицензияның (патенттің, лиц.
карточканың) орнына жарамды

Хаттама түбіршегін қолдан жасау ҚК 177 б. сәйкес қылмыстық
жауапкершілікке тартылады.

Нұсқаулықтың 2 Қосымшасы

Көлік инспекциясы органының аты

АА N 000001

РАПОРТ

19__ж. " __ " _____ мен _____

(Ф.А.Ж. және қызметі)

Көліктің түрі _____

Лицензияланатын қызметке жауапты лауазымды тұлғаның Ф.А.Ж.

Көлік иесінің Ф.А.Ж. _____
Бақылау орны _____

Белгіленген бұзушылықтар:

1. Лицензияның немесе лицензиялық карточканың жоқ болуы.
2. Лицензияда немесе лицензиялық карточкада көрсетілген аймаққа қызметінің сәйкес келмеуі.
3. Лицензияның "Г", "П" түрлері бойынша тасымалдау ережелерін бұзу немесе осы ережемен тыйым салынған олардың қиыстырылып пайдаланылуы.
4. Лицензияның немесе лицензиялық карточканың пәрменді мерзімінің бітуі.
5. Көлік инспекциясы органдарымен тыйым салынғаннан кейін жолаушылар мен жүктерді тасымалдау.
6. Лицензияны (патентті) немесе лицензиялық карточканы басқа адамға тапсыру.
7. Патентті немесе лицензиялық карточканы басқа көлік құрамына тапсыру.
8. Лицензияның (патенттің) немесе лицензиялық карточканың Көлік инспекциясы органдарында тіркелген мәліметтермен сәйкес болмауы немесе нөмірі мен сериясының жоқ болуы.
9. Лицензияның (патенттің) лицензияланатын қызметке сәйкес болмауы.

КИ Инспекторы _____ Куәл. N _____
(Ф . А . Ж .) (қ о л ы)

ДСП Инспекторы _____ Куәл. N _____
(Ф . А . Ж .) (қ о л ы)

Куәлар _____
(Ф . А . Ж . , мекен-жайы) (қ о л ы)

Көлік инспекциясы органдарымен қабылданған шаралар _____

Көлік инспекциясының _____ бастығы
(б ө л і м і)

(қолы)

Рапорт екі дана болып құрастырылады.

Нұсқаулықтың 3 Қосымшасы

Ескерту. 3 қосымша алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 1996.04.24. N 94 бұйрығымен .

